

## **Көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін дизель отынын беру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 13 мамырдағы N 140

1. Қостанай облысы әкімінің облыстың селодағы тауар өндірушілерге мемлекеттік резервтен көктемгі егіс жұмыстарын жүргізу үшін 15 мың тонна дизель отынын беру туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер жөніндегі комитеті жоғарыда аталған мақсатқа мемлекеттік резервтен Қостанай облысы әкімінің 1997 жылғы 1 тамызына дейін республикалық бюджетке қайтару және резервтік тауар несиесін пайдалану мерзімі үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру ставкасы бойынша, республикалық бюджеттің кірісіне процент төлеуге кепілдендірген міндеттемесі шартында жаңалау тәртібімен 15 мың тонна дизель отынын босатсын.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1997 жылғы 1 сәуірдегі N 83 өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы

"дизель отыны - 30 мың тонна" деген жол алынып тасталсын.

4. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Ж.С.Кәрібжановқа жүктелсін.

Премьер-Министр